**жылдық есебі**

01.09.2022 жылы «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» тақырыбында білім күніне арналған салтанатты жиын өткізілді.Іс-шараның мақсаты 2022-2023 оқу жылының ұйымдасқан түрде бастау,білім алушылармен бірге білімге ұмтылу, отаншылдық, еңбексүйгіштік құндылықтарының адам өміріндегі рөлін талқылау.Оқушылардың оқуына позитівті ынтасын, оқушылардың оқуға және өз денсаулығына құндылықты қарым-қатынасын қалыптастыру, өзін-өзі ұйымдастыруға дағдыландыруға аса назар аударды.




22.09.2022 жылы тілдер мерекесіне орай «Тіл – ұлттың мақтанышы» тақырыбында ашық сабақтар, тәрбие сағаты өткізілді.





1 Қазан қарттар күніне орай 03.10.2022 жылы «Ардагерлерді аялайық» атты «Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде іс шара өтілді. Үлкенді сыйлау мен оларға құрмет көрсету- ата -бабадан келе жатқан салтымызды қалыптастыру барысында ауыл ардагерлері үйлеріне барып көмек көрсетілді. Бүгінгі қарт, қарияларымыз бір кезде , елі келешек ұрпағы үшін жасаған игі істері ерекше орын алады. Бұл іс-шара келешек ұрпаққа осы ата-бабаларымыз, әжелеріміздің еткен еңбектерін ой-санасына сіңіру мақсатында ұйымдастырылды.





Ұстаздар мерекесіне орай 07.10.2022 жылы «Ана тілім асылым» атты іс-шара өткізілді. Іс-шараның мақсаты : оқушыларды рухани адамгершілікке тәрбиелеу,ұстаздарды құрметтеу, мерекемен құттықтау.

Ұстаз болу- жүректердің батырлығы,

Ұстаз болу-сезімнің ақындығы

Ұстаз болу- мінездің күн шуағы,

Азбайтұғын адамның алтындығы – деп,Ғ Қайырбеков ағамыз жырлағандай біздің мектебімізде сөзі маржан, үні ән ұстаздардың бар болғанын мақтаныш ете отырып, оқушыларымыздың таңертең ұстаздарды мектеп ауласынан күтіп алып,құрмет көрсетіп, өздерінің шығармашылық жұмыстары бойынша өлең шумақтарын жолдады. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Жаппаров, кәсіподақ ұйымының төрағасы Г.Даданов және ұйымдастырушы - педагог Ю.Жунашова табиғи дарын ізгілікті ізденіс пен терең еңбекке ұштастырып жүрген ұстаздарға «Ана тілім-асылым» атты мерекелік бағдарлама өткізді. Шәкірттерге білім беруде ұстаздардың еңбегін бағалай отырып, мақтау қағаздарымен марапаттады.






шара барысында «Менің елім-Қазақстан» тақырыбында патриоттық диктант конкурсы, «Менің арманымдағы Қазақстан» тақырыбында эссе жазу,спорттық іс-шаралар, «Патриотизм дауысы» мемлекеттік гимнді жаппай орындау, және тағы басқа іс-шаралар өтілді.





Іс-шара барысында Республика күніне арналған концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Концерттік бағдарламаны ашып беру үшін мектебіміз директоры М.Изатуллаеваға сөз берілді.Мектебіміздің өздерінің өнерлі де,өнегелі оқушылары өздерінің билерімен,әндерімен , сахналық қойылымдарымен көрермендерді таң қалдырды.





Респулика күніне орай мектеп ауласында жәрмеңке ұйымдастырылды.





 

28.11.2022 жылы қыз балаларға адамгершілік, адалдық, әдемілік,жүріс-тұрыс, қыз сымбаты түрлерін терең түсіндіру мақсатында «Күз аруы» байқауы өтті.

 

1 желтоқсан дүниежүзілік ЖИТС/АИТВ –ға қарсы күрес күніне орай, «Қос-Қорған» жалпы орта мектеп оқушылары арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру жіне ЖИТС/АИТВ –ның алдын алу мақсатында « Денсаулық және салауатты өмір» тақырыбында іс-шаралар ұйымдастырылды. Мектеп акт залында жергілікті мейірбикемен кездесу өтті. Кездесуді ұйымдастырудағы басты мақсат оқушыларға ЖИТС/АИТВ инфекциясы жұқпалы ауру екендігін түсіндіре отырып, жұқтырмау шараларын әңгімелеу. Адамзат өміріне қауіп төндіріп отырған қатерлі СПИД дертінің алдын алу, оның жұғу жолдарын , одан сақтана, қорғана білу туралы түсіндіру болды.

 






28.11.2022ж оқушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу және болдырмау мақсатында Түркістан облысы Сауран АПБ-ның ЖПҚ ЮПТ ҰПИ полиция лейтинанты Әмірбек Елнұрбек Ергешұлымен кездесу өтті.Кездесу барысында бүгінгі таңдағы орын алып жатқан жастар арасында құқықбұзушылық факттерін айтып оның алдын алу жолдарын айтып насихаттау жүргізді.





29.11.2022ж Балалар жылы жоспары аясында отансүйгіштік және патриотизм рухында тәрбиелеу мақсатында балаларға Отырарды қорғаған батырлар жайында «Отырарды қорғау» атты мультфилм көрсетілді.





мақсаты: оқушыларды өз отанын сүюге ,құрметтеп қастерлеуге егемен елімізді сақтау және оны гүлдендіруге құштар патриотты, күш-қуаты мол жастарды ояту болды.








«Қос-Қорған»жалпы орта мектебінде Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған «Ел бірлігі тәуелсіздік тұғыры» тақырыбында іс-шаралар жоспары түзіліп бекітілді.

Іс-шара жоспары аясында 06.12.2022ж «Мен өз Отанымның патриотымын» тақырыбында сурет байқауы ұйымдастырылды.






07.12.2022 жылы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 31 жылдығына орай «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Саналы ұрпақ жарқын болашақ» тақырыбында дөңгелек үстел үйымдастырылды.





шеберліктерін көрсете алды.




Сауран Ауданы Білім Бөлімі нің жылдық жоспарына сәйкес "16желтоқсан-Тәуелсіздік күні" мерекесіне орай "Қос-Қорған" жалпы орта мектебінде оқушыларды Республикалық біріңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымына қабылдау 2022 жыл 13 желтоқсан күні "Біз елдің ертеңі" тақырыбында мектепішілік іс-шара өткізілді. Аталған іс-шараға мектептің мұғалімдері, оқушылары қатысты. Мектептен 74 оқушы "Жас ұлан" ұйымына, "Жас қыран" ұйымына 32 оқушы қабылданып галстук тағу рәсімі өткізілді.Мектеп файесінде фото көрмелер ұйымдастырылды. Ұйымға қабылданған жас ұрпақ өздері Отан алдында патриоттық сезімде болды.







саналады. Тәуелсіздік алғаннан бері халқымыз Қазақстанның ұлы тарихын жаңа жетістіктермен және табысты өзгерістермен жалғастырды. Қазақстандық патриотизмді , азаматтықты, толеранттылықты қалыптастыру , оқушыларды өз елінің өміріндегі маңызды оқиғаларға баулу мақсатында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні қарсаңында "Қос-Қорған " жалпы орта мектебінде "Тәуелсіздік -таңның нұры" тақырыбында мерекелік іс-шара өткізілді. Мерекелік іс-шараға мектеп директоры, мұғалімдер мен оқушылар қатысты.

Мақсаты: оқушыларға Қазақстан туралы,оның Тәуелсіздігі туралы мәлімет беру, тәуелсіздікке жету жолдарын баяндау,көрсету, өз елін құрметтеп сүюге , осы елдің ұланы екенін мақтан етуге баулу.

Тәуелсіз елдің жеткен жетістіктері мен кемел болашағы туралы қойылымдар қойылып,ән, өлең шұмақтары айтылды. Мерекелік іс-шара соңында мектеп директоры оқушыларды "Тәуелсіздік күні "мен құттықтап , өзінің ыстық лебізін білдірді.









«Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде «Жаңа жыл» мерекесіне арналған іс-шаралар жоспары түзіліп бекітілді.Жоспар аясында 1-4 сыныптар арасында жаңа жыл мерекесіне орай "Қош келдің жаңа жыл " атты мерекелік кеш өткізілді.Бұл мерекелік іс -шарада 1-4 сынып оқушылары қуаныштарын жасыра алмады.Аяз ата мен Ақшақар оқушыларды құттықтап , оқушылар өздері арнаған тақпақтар мен ән, би өнерлерін сыйлады.Бұл іс шараға мектеп кітапханашысы да өз үлесін қосып , " Жаңа жыл " тақырыбында дөңгелек үстел өткізді, барлығы мерекелік көтерінкі көңіл-күйде өткізілді.




Жаңа жыл жақсылық, берекемен бірге келсін !

"Қос-Қорған " жалпы орта мектебінде 5-9- сынып оқушылары арасында "Жаңа жылым- жақсы жылым" тақырыбында балмаскарад өтті. Бұл іс- шара өте қызықты өтті. Оқушылар мерекелік іс- шараны жоғары деңгейде Аяз ата , Ақшақармен бірге шырша аясында әр түрлі әуендерді ән, би өнерлерін паш етті. Мекрке барысында өзін білімі жағынан, өнері жағынан көрсетіп жүлделі орындар алып жүрген оқушыларды марапаттады.




"Қос-Қорған" жалпы орта мектебінде 29.12.2022 жыл  жаңа жылдың кіріп келуіне байланысты, 10-11- сынып оқушылары "Жаңа жыл " мерекесін мектепте тойлады. Бұл шарада әр түрлі сайыстар ұйымдастырылды .Жеңімпаз оқушылар марапатталды. Барлық оқушылар жаңа жылдың көңіл-күйде, мәз-мейрам болып, жаңа 2023 жылды қарсылады.





зияткерлік ойыны өткізілді. Сайысқа 7а және 7бсынып оқушыларынан құралған топтар қатысты. 7а -сынып оқушылары «Болашақ» тобы, 7б –сынып оқушылары «Қыран»тобы болды.





Сауран ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімі «Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде 18 қаңтар күні «Қыз қылығымен көрікті» тақырыбында қыздар жиналысы өткізілді.

Мақсаты: қыз балаларға адамгершілік, адалдық, іс-қимыл, жүріс-тұрыс дағдысы, қыз намысы, сымбаты туралы жан-жақты мағлұмат беру арқылы қыз балалардың бойына рухани-адамгершілік, әдептілік, сыпайылық, тиянақтылық, имандылық, тазалық қасиеттерін дамыту.





19 қаңтар күні Сауран ауданы "Қос-Қорған" жалпы орта мектебінде "Мектепке домбыра сыйла" акциясы өтті.Бұл акцияның басты мақсаты ұлттық өнерді ұлықтап,өскелең ұрпақтың бойына дәстүрлі өнерді сіңіру және оқушылардың домыраға қызығушылығын арттыру болды.

Іс-шараны ашып беру үшін сөз кезегі мектеп директоры М.Изатуллаеваға берілді. Мектебіміз директоры М.Изатуллаева ұлт келешегі үшін тәрбиелік мәні зор акцияға қатысып,мектепке 10 домбыра сыйға тартқан Сауран ауданының қоғамдық кеңесінің төрағасы А.Мәдкәрімұлына өз алғысын білдірді.





сайысқа мектеп оқушылары мен олардың ата-аналары қатысты. Жалпы алғанда Толағай отбасылар сайысына 4 отбасы яғни 4 топ «Сұңқар»тобы, «Қыран» тобы, «Болашақ» тобы , «Бірлік» тобы қатысты.





«Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде 2023 жылы 25 қаңтар күні «Ақылдылар мен көңілділер» тақырыбында зияткерлік ойыны өткізілді. Сайысқа 8а және 8бсынып оқушыларынан құралған топтар қатысты. 8а -сынып оқушылары «Жалын» тобы, 8б –сынып оқушылары «Барыс»тобы болды.







«Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде 2023 жылы 14 ақпан күні «Ерлікке тағзым» тақырыбында ауған соғыс ардагерлерімен кездесу өткізілді. Кездесуде 1.Баймұратов Қалдыбай Шерезданұлы, 2.Илянов Тайир Мусаханұлы 3.Пайзенов Хасен Азимовичтер қонақта болды.









ұйымы бірлесіп, мектепке ерте келіп ,мектепке келген әр бір ұстазды , кіші қызметкерлерді тіпті оқушыларды да жақсы тілектермен , өлең шумақтары жазылған әдемі гүл сыйлап күтіп алды, әрі ол арға мерекелік көңіл күй сыйлады.





Сауран ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімі «Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде 2023 жыл 1 наурыз кіні мектептің АКТ залында «Алғыс айту» күніне орай «Алтын жүрек» тақырыбында мерекелік іс-шара өткізілді.




Сауран ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімі «Қос- Қорған» жалпы орта мектебінде «8- Наурыз халқаралық әйелдер күніне» орай «Анамызға мың алғыс» тақырыбында концерттік бағдарлама өткізілді. Концерттік бағдарлама барысында «8- Наурыз халқаралық әйелдер күніне» арналған «Икбол қизлар» тақырыбындағы шығармашылық байқау өткізілді.




13.03.2023 ж. Күнімектебіміздің тәрбие ісі жөніндегі директор орынбасары Н.Асетова басшылығында, ұйымдастырушы педагог Д.Жумашова, аға тәлімгер Х.Нарзулла бір топ оқушылар мен, Ұлыстың Ұлы Күні-Наурыз мерекесіне арналған «Қош келдің – әз Наурыз!» онкүндік мерекелік іс-шаралар жоспарына сәкес, «НАУРЫЗ – ЖАҚСЫЛЫҚТЫҢ ЖАРШЫСЫ» атты іс-шарасы, «Үлкенге – құрмет, кішіге –ізет» тақырыбы аясында ауылдағы ардагер ұстаздарымыз Н.Қасимов, М.Аседов ағаларды үйлеріне барып, ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесімен құттықтап, баталарын алып қайтты.






«Біздің елдің жігіттері» тақырыбында мектептің 8-10 сынып ер балалары арасында « Жігіт сұлтаны» сайысыөткізілді. Сайыс барысында жігіттеріміз берілген 4 шарт бойынша өз күштерін сынады.

Жігіттеріміз 4 кезең бойынша сынақ шарттарын орындап, сайысқа түсті. Сайыс қортындысы бойынша жоғары ұпай саны мен А.Нажмиддинов бас жүлдені женіп алып, «Жігіттің сұлтаны» атағын иеленді.




қолдары мен дайындаған ұлттық тағамдарын дастарханға тарту етіп, өздерінің аспазшылық өнерлерін ұсынды.





21 наурыз күні «ҚОШ КЕЛДІҢ – ӘЗ НАУРЫЗ» тақырыбында мерекелік іс-шаралар мен концерттік бағдарламасы мен атап өткізілді. Іс-шара барысындаұлттық дәстүрлер сахналанды. .














мектебінде 04.04.2023ж күні жаңа Қазақстандағы жастардың оның ішінде оқушы жастардың руханиятын көтеру арқылы Отансүйгішікке, адамгершілікке тәрбиелеу және халқына адал қызмет ету мақсатында «Жаңа Қазақстан,Күшіміз бірлікте» атты өнер фестивалі өткізілді.









Сауран ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімі «Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде 06.04.2023ж күні оқушыларға салауатты өмір салтын насихаттау, жасөспірімдердің денсаулығын сақтау және оқушылардың жалпы есірткі нашақорлық тұралы білімін анықтау мақсатында «Есірткіге жол жоқ» тақырыбында сауалнама алынды.





өткізілді.

Мақсаты: Салауатты өмір салтын сақтау, оқушылардың өнер мен денсаулық туралы түсінік беру. Денсаулықтың негізі қимыл, спорт, дұрыс тамақтану, таза ауада жүру екенін балаларға ұғындыру. Өзін-өзі күте білуге, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу, әдемілікті, сұлулықты сезіне білуге баулу.





"Қос-Қорған " жалпы орта мектебінде 12.04.2023ж "Ғылым қызметкерлері күні " не арналған он күндіктің салтанатты ашылуы болып өтті.. Бұл он күндік әр түрлі іс шараны қамтиды. Оқушылар  он күндіктің ашылуында батпырауықтар ұшырып,  сурет салып, концерттік бағдарлама өткізілді.





**«Ғылым қызметкерлер күніне»** арналған концерттік бағдарламада оқушылар би билеп, ән айтып , ғылым күніне арналған өлең жолдарын оқып берді.





  

**«Ғарышкерлер күніне»** байланысты «Қазақстандық ғарышкерлер» тақырыбында көрме ұйымдастырылды.






«Қос- Қорған» жалпы орта мектебінде 1 мамыр Қазақстан халықтарының достығы күніне орай 28 сәуір күні оқушыларға Қазақстан Республикасы әлемде ең алғашқы мемлекеттердің бірі болып сырттан келген басқа ұлт өкілдеріне алтын бесік болғандығын ұғындыру.Қазақстандық патриотизмге, елін, жерін сүюге және халқын құрметтеуге тәрбиелеу. Басқа ұлт өкілдерінің мәдениетін, әдет - ғұрпын сыйлауға үйрету мақсатында «Қазақстан татулық пен достықтың киелі бесігі» тақырыбында іс-шара өткізілді.

 

сыныптарда «Оқимыз, сурет саламыз» жобасы өткізілді.Жобаға қатысушы оқушылар оқылған кітаптар бойынша шығармашылық суреттер салды. Мақсаты:бастауыш сынып оқушыларын кітапты оқи отырып, түсінгендерін сурет түрінде бейнелеп сала білуге бейімдеу,ойлау қабілеттерін дамыту және кітап оқуға қызығушылығын арттыру.






Сауран ауданының адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты «Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде 05.05.2023ж күні 9 мамыр Ұлы Жеңістің 78 жылдығына орай Ұлы Отан соғысында құрбан болған аталарымыз бен әкелеріміздің, мәңгі жас болып, жадымызда сақталған жауынгерлер рухына, бейбіт кезеңде дүниеден өткен ардагерлерге,бүгінде ортамызда жүрген Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен тыл ардагерлерін құрметтеп, ерліктерін ұлықтау мақсатында «Ұрпаққа ұран болған ұлы жеңіс» тақырыбында іс-шара өткізілді. ІС-шараға Оранғай ауыл әкімшілігі мамандары мен Гүлнара Үстемірқызы қатысты.






сынып оқушылары арасында «Оқимыз -зерттейміз» жобасы өткізілді.Жобаға қатысушы оқушылар өздерінің зерттеу еңбектерімен бөлісті. Бұл шара өте қызықты өтті.






**9.** «Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде 13.05.2023 ж. күні сағат 12.00 – де **«Тоғыз айға 9 іс-шара»** жобасы аясында мектептің мұғалімдері және 9 – 10 – 11 сынып оқушыларының қатысуымен **«Жасыл мекен»** челленджі өткізілді.

Іс-шара барысында оқушылар және мұғалімдер мектеп ауласындағы көркейту, көгалдандыру және санитарлық тазалық жұмыстарын атқарды.

Ауланы көгалдандыру мақсатында жаысл желектер, әр түрлі гүл көшеттерін отырғызып, отырғызылған ағаштарды күтіп, баптау жұмыстарын ұйымдастырды.






Сауран ауданына қарасты «Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде 10.05-16.05.2023 күндері аралығында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында, 10-сынып оқушыларымен «Оқимыз –сахналаймыз» жобасы өткізілді.Жобаға қатысушы 10 «А»-сынып оқушылары М.Мақатаевтің «Аққулар ұйықтағанда» поэмасын оқып ,үзіндісін сахналады, 10 «Б»-сынып оқушылары Б.Соқпақбаеевтің «Менің атым Қожа» кітабын оқып, үзіндісін сахналап көрсетті.Бұл шара өте қызықты өтті.









Сауран ауданына қарасты «Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде 16.05-18.05.2023 күндері аралығында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында, 8-9-сынып оқушыларымен «Оқимыз –тұжырымдаймыз» жобасы өткізілді.Жобаға қатысушы оқушылар екі топқа бөлініп оқыған шығармаларына тұжырым жасады. Бұл шара өте қызықты өтті.






Сауран ауданына қарасты «Қос-Қорған» жалпы орта ...
күні сыныпжетекшілер арасында «Үздік сынып жетекші-2023» атты байқау өткізілді. Байқаудың мақсаты – сынып жетекшілердің озара тәжірибе алмасуына, шығармашылық зертханасын айқындауға, оқушыларға білім берудегі өзгерістерді еркін меңгеруге бағытталған.








«Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде 18 мамыр күні ауыл ақыны П.Бабажановпен кездесу болып өтті. Ұрпақ тәрбиесіндегі калтқысыз еңбегімен ерекшеленетін Паччахан Бабажанов ағамызға арналған «Шоирни улуғлаган юрт баракали» атты кеш ерекше сезім мен сырға толы болды.





"Бақыт ,күн,достық-балаларға" атты флешмоб өткізілді.
Флешмоб мақсаты:білім алушылардың рухани-адамгершілік мәдениетін, эстетикалық, патриоттық сезімдерін тәрбиелеу, елдің мәдени мұрасын, отбасылық дәстүрлерін сақтау, балалар шығармашылығын дәріптеу.





Сауран ауданы,адами әлеуетті дамыту бөлімі "Қос-Қорған" жалпы орта мектебінде Халықаралық балаларды қорғау күні қарсаңында 30 мамыр күні "Әр түрлі болсақ та,біргеміз!" атты асфалтқа сурет салу іс-шарасы өткізілді.
Мақсаты:білім алушылардың рухани-адамгершілік мәдениетін, эстетикалық, патриоттық сезімдерін тәрбиелеу, елдің мәдени мұрасын, отбасылық дәстүрлерін сақтау, балалар шығармашылығын дәріптеу





Сауран ауданына қарасты «Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде 1 маусым күні 2022-2023 оқу жылының аяқталу құрметіне арналған «*Сәт сапар-жас түлек!*»» атты салтанатты жиын болып өтті.Жиынға 1-сынып,4-сынып,9-сынып,11-сынып оқушылары, мектеп ұстаздары және зейнеткер ұстаздар қатысты.





**кілтін»** 11-сынып оқушысы Ф.Шамшиддинова 10-сынып оқушыларына табыстады.









Сауран ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімі «Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде 01.06.2023ж күні мектепішілік сауықтыру лагерінің ашылу салтанаты өткізілді. Ашылу мерекесімен мектеп директоры М.Изатуллаева құттықтап, бүлдіршіндерді лагерге белсене қатысуларын, бос уақыттарын тиімді пайдалану жолдарын айтты.







Мектеп директоры: М.Изатуллаева

Ұйымдастырушы педагог: Д.Жумашова